



АР-ДАК

№19 (807) 27 мамыр, 2019 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет



Н. НАЗАРБАЕВ:

«ТОҚАЕВПЕН ҚАЛАЙ ТАНЫСТЫМ?»

Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ уақытша президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВПЕН қалай танысқанын айтты. Бұл жайында ол «Нұр Отан» партиясы кандидатының Республикалық қоғамдық штабы өкілдерімен кездесуде еске алды деп жазады

BNews.kz.
Қазақстанның алғашқы президентінің айтуынша, олар алғаш рет 1984 жылы кездескен. Ол кезде Тоқаев КСРО-ның Қытайдағы елшілігінде қызмет істеген. Ал Назарбаев Совет одағы делегациясымен Қытайға іссапармен барған...
«Жоғарғы советтің де-

легациясы құрылды, біздің сол делегация құрамында бізге қытай тілін аударуға көмектесіп бір жас жігіт жүрді. Ол онда КСРО-ның Қытайдағы елшілігінде істейтін. Бұл Қасым-Жомарт Тоқаев болатын. Мен оны сол кезде алғаш көрдім, — дейді Назарбаев.

Одан әрі тәуелсіздік алған соң Тоқаевты Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметіне шақырған. Содан бері бірге қызмет істесіп келе

жатқанын және оны өте жақсы білетінін айтады экс-президент.

«Мұның бәрін мен бұл адамды қаншалықты жақсы білетінімді жұрт түсінсін деп айтып жатырмын. Барлық қырынан. Адамды тану үшін оған әр түрлі қырынан қарау керек, — деді ол.

ТҮРКІСТАНДЫҚ ҮЗДІК ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мәлік Отарбеу халықаралық, республикалық ғылыми жоба жарыстары мен пән олимпиадаларында және өнер, спорт жарыстарында үздік көрсеткіштер көрсеткен өмірдегі үздік 40 оқушымен кездесті. Басқосу барысында облыс әкімінің орынбасары жас түлектерді құттықтап, облыс мерейін асырған талапты түлектерге және оның білікті ұстаздарына алғысын жеткізді.

«Үлкен өмірге басқан қадамдарыңыз құтты болсын! Алда өтетін емтиханнан сәтті өтіп, таңдаған мамандықтарыңыз бойынша жоғары оқу орындарына түсулеріңізге тілектеспін. Жастар, сіздердің алар асуларыңыз, шығар биіктеріңіз әлі алда! Сіздерді осындай дәрежеге жеткізген ата-аналарыңызға, ұстаздарыңызға үлкен алғысымды айтамын. Біз сіздермен әрдайым мақтанамыз! Болашақта елге қызмет ететін абыройлы азамат болуларыңызды жазсын», — деді Мәлік Нұржанұлы.

Өз кезегінде, түлектер өз ризашылығын білдіріп, өз жетістіктері, алдағы жоспарлары ту-



ралы айтты. Сонымен қатар, үздік жас түлектер дипломдар мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, 2018-2019 оқу жылында түркістандық оқушылар дүбірлі додалардан 14 алтын, 25 күміс, 42 қола медаль олжалаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 34 медальға артық. Алматы қаласында өткен республикалық ғылыми жобалар байқауының қорытындысы бойынша Түркістан облысының құрамасы ең үздік командалардың бірі болып танылды.

ЕҢ КӨБІ 510 МИЛЛИОН: ПРЕЗИДЕНТІККЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ШОТЫНДА ҚАНША АҚША БАР



Орталық сайлау комиссиясы 17 мамырдағы деректер бойынша президенттікке кандидаттардың сайлау қорына келіп түскен қаржы мен шығындары туралы есепті жариялады, деп хабарлайды Stan.kz тілшісі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау қоры ең көп қаржыны жинады. Кандидаттың жеке қаржысы мен «Нұр Отан» партиясы тарапынан бөлінген қаржы 510 млн теңгені құрады. Сондай-ақ оның шотына азаматтар мен ұйымдардың еріктерімен көмек көрсетуі арқылы 514 млн теңге жиналды.

Шығындар 185,6 млн теңгені құрады. Атап айтқанда, қаржы үгіт-насихат материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру бойынша

занды және жеке тұлғалардың көрсеткен қызметіне ақы, кандидаттың сенімді өкілдерінің жол шығындарын жабу, сайлаушылармен кездесу үшін ғимараттарды жалға алуға жұмсалған.

Жамбыл Ахметбековтің сайлау қорына 338 млн теңге жиналды. Оның ішінде кандидат пен Қазақстанның Коммунистік Халық партиясы қаржысы — 250 млн теңге, қайырымдылықтан жиналған қаржы — 88 млн теңгені құрады. БАҚ-қа материалдар жариялау, сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын өндіру және тарату, сайлаушылармен кездесулер үшін ғимараттарды жалға беру шығындары 290 млн теңгені құрады.

Дания Еспаеваның сайлау

қаржына 113 миллион теңге жиналды. Бұл қаражаттардың бәрі ерікті қайырымдылық жасағандардан келіп түскен. Кандидаттан және «Ақ жол» партиясынан ешқандай ақша түспеді. Шығындар 109,5 млн теңгені құрады. Бұл қаражат үгіт-насихат материалдарын шығаруға және таратуға, баспа иллюстрациялық материалдарды және сайлау науқаны үшін арнайы жасалған таңбалардан өзге де белгілерін жасауға жұмсалды.

Төлеутай Рахымбековтың сайлау қорына 108 миллион теңге жиналды. Бұл қаражат кандидат пен «Ауыл» партиясының ақшасы болып табылады.

Шығындар — 77,5 млн теңгені құрады. Қаражат баспа, аудиовизуалды және басқа үгіт материалдарын өндіруге және таратуға, науқан жұмыстарын ұйымдастыруға және көлік шығындарын жабуға арналған қызметтерге ақы төлеуге жұмсалды.

Амангелді Таспиховтың сайлау қоры 102 миллион теңге жинады. Бұл қаражаттардың бәрі ерікті қайырымдылықтан келіп түсті. Кандидаттан және Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясынан ешқандай ақша келіп түспеді. Шығындар — 75,2 млн теңге. Бұл қаржы баспа және басқа да үгіт-насихат материалдарын

шығаруға және таратуға жұмсалды.

Әміржан Қосановтың сайлау қорына 76,6 млн теңге жиналды. Олардың ішінен кандидат пен «Ұлт тағдыры» ұлттық патриоттық қозғалысының қаржысы 76 млн теңгені құрады. Ерікті қайырымдылықтан 643 мың теңге келіп түсті. Шығындар — 53 млн теңге. Қаржы үгіт-насихат материалдарын шығаруға және таратуға, БАҚ-қа, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру қызметтері ақысын төлеуге жұмсалды.

Сәдібек Түгелдің сайлау қорына 76,1 млн теңге жиналды. Олардың ішінде үміткер мен «Ұлы дала қырандары» қоғамдық бірлестігінің қаржысы 200 мың теңгені құраса, ерікті қайырымдылық көмектен 75,9 млн теңге келіп түсті.

Шығындар — 76 млн теңге. Қаражат баспа, аудиовизуалды және басқа да үгіт-насихат материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру бойынша қызметтерге ақы төлеуге, жол шығындарын жабуға, сайлаушылармен кездесуге ғимараттарды жалға алуға жұмсалды.

Осыған дейін Орталық сайлау комиссиясы Қазақстанның кезектен тыс президенттік сайлауына Қасым-Жомарт Тоқаев, Сәдібек Түгел, Амангелді Таспихов, Дания Еспаева, Төлеутай Рахымбеков, Жамбыл Ахметбеков және Әміржан Қосановты тіркегенін хабарлады.

11 мамырда басталған кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары 7 маусымға дейін жалғасады. Сайлау 9 маусымда өтеді. Алдын ала нәтижелер 10-11 маусымда жарияланады. Тандалған президент 16 маусымнан кешіктірілмей тіркеледі.

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ҰСТАЛДЫ

Үш жыл бұрын орталықтың бір басшысы 9 миллион теңгенің «Тойота-Камри» су жаңа автокөлігін пара ретінде алған

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі пара алған ұлттық тестілеу орталығының екі басшысын ұстады, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.

Қоғаммен байланыс департаментінің директоры Арман Бердалиннің айтуынша, осы аптада білім және ғылым министрлігіне қарасты ұлттық тестілеу орталығының басшылығы жасаған сыбайлас жемқорлық схемасы әшкереленді. Мәселен, орталықтың 2016 жылғы басшысы мемлекеттік сатып алулар кезінде жеке меншік компанияға лобби жасаған. Сол үшін 9 миллион теңгенің «Тойота-Камри» маркалы су жаңа автокөлігін пара ретінде алған. Автокөлік тәркіленді. Сотқа дейінгі тергеу шаралары жеделдетілген түрде жүргізіліп жатыр.

«Сондай-ақ, осыған ұқсас заңсыз әрекеттер үшін орталықты 2017 жылдан бастап осы уақытқа дейін басқарған тұлғаға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Ол 2017-2018 жылдар аралығында делдал арқылы жүйелі негізде аса ірі көлемдерде пара алып отырған. Сот санкциясымен күдіктіге қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылды», — деді Бердалин елордада өткен баспасөз мәслихатында.

Ресми мәліметке сәйкес, соңғы үш жылдың ішінде білім саласында 620 сыбайлас жемқорлық фактісі анықталды. Одан мемлекетке келген шығын 1,5 миллиард теңгені құрады.



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР АСҚАР МАМИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНА БАРДЫ

ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин Түркістан облысына жұмыс сапары барысында Түркістан қаласының құрылыс жұмыстарын уақытылы іске асыру және өндіріс одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету барысын тексерді.

олардың қатарында оқушылар сарайы, туристік бағыттағы колледж, спорт және музыка мектептері, спорт сарайы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, аттракциондары бар парк, музыкалық фонтан, амфитеатр, сондай-ақ, облыстық әкімдік, медиа-орталық және конгресс холл бар.

ерекше көңіл бөлінді. ҚР Премьер-Министрі А. Маминнің Түркістан облысына жұмыс сапары аясында жалпы сомасы \$1,97 млрд құрайтын 5 құжатқа қол қойылды:

- 1. Түркістан облысының әкімдігі мен «Эко-культура» ресейлік компаниясы арасындағы \$1,1 млрд сомасына Келес ауданында ауданы 500 га болатын жылыжай кешенін салу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;
2. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Түркістан облысының әкімдігі және KAZAKHSTAN CHN-KZ ELECTRIC INDUSTRIAL PARK GROUP қытай компаниясы арасында \$524 млн сомасына «Түркістан» индустриялық аймағында энергетикалық жабдық пен бұйымдар шығару бойынша Қазақстан – Қытай индустриялық паркін салу жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

otyrar.kz

СИНГАПУРЛЫҚ ИНВЕТОРЛАР ШЫМКЕНТТЕ БІРНЕШЕ БАЛАБАҚША МЕН МЕКТЕП САЛМАҚ

Сингапурлық инвесторлар Шымкентте бірнеше балабақша мен мектеп салмақ. Шетелдік KinderWorld білім беру тобы аталған жобаны «Шымкент сити» шағын ауданында жүзеге асырмақ, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

ОТЫРАДА «ӨТКЕННІҢ ҚАЗЫНАСЫ — БОЛАШАҚҚА» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ КЕШ ӨТТІ



Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ұйымдастыруымен 18 мамыр-Халықаралық музейлер күніне орай «Өткеннің қазынасы — болашаққа» атты шара өтті. Тарихи-танымды кештің мақсаты — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын насихаттау, салт-дәстүрді дәріптеу.

ғалымдарының, ЮНЕСКО-ның назарын өзіне аударған, ұлттық рухани алтын қазығы. Елбасымыз айтқандай қазақ өркениетінің алтын діңгегі. Сан ғасырлық мұралардың киелі ордасына айналған музей қызметкерлерін бүгінгі кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілеймін!» — деді аудан басшысы Ерлан Айтаханов. «Ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді жаңғырту, музей жұмысын кеңінен насихаттауда бүгінгі шараның маңызы зор.

Облыстық Бейнелеу өнері музейінде «Әлемге жол ауылдан басталады» атты Қырғызстан Республикасы Талас облысы суретшілерінің топтық шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени байланысты нығайту мақсатында Түркістан облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы мен облыстық Суретшілер Одағы, облыстық Бейнелеу өнері музейі ұйымдастырған көрмеге 7 Қырғызстандық суретшілердің «Әлемге жол ауылдан басталады» көрмесі ашылды.

кәсіби суретшінің 103 кескіндемелік шығармашылық туындылары және мүсіндері қойылды. Шараға Қырғызстан Республикасы Мәдениет министрлігі, Қырғызстан Суретшілер Одағы мен Түркістан облысы әкімдігінің қолдау білдірді. Көрмеге Қырғызстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Қырғызстан Республикасының Халық суретшісі, Көркемсурет Академиясының корреспондент мүшесі Төребеков Сүйтбек Сатымбекұлының «Қырғыз мадоннасы», «Ұлы далада», «Онүстік жағалау», «Ыстық көл кеші», «Толғаныс» (триптих), «Суретші Жақыповтың портреті», Қырғызстан Республикасының Халық суретшісі, Қырғызстан Республикасы Көркемсурет Академиясының академигі Оразметов Қадірқұлдың «Көкшетау-Оқжетпес», «Бішкек-Қарабалта тас жолы», «Ана», «Қысқы демалыс», Қырғызстан Республикасы «Құрмет» орденінің иегері Османалиев Сапарбай Талипұлының

«Қасымбек атаның портреті», «Таластағы Ақ-тас», «Сусамыр таңы», «Нылды-Ата», «Стамбулдағы порт», Ф.Айтиев атындағы халықаралық сыйлықтың иегері Қазакбаев Жолдошбек Сейітқазыұлының «Манас-Шыңғыс шоқылары», «Ыстықкөл жағасында», «Ыдырыс пайғамбардың күмбезі», «Талас өңірі», «Нылды Атадағы тоғай», Қырғызстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Қырғызстан Республикасы мәдениетінің «Мықты қызметкері» Анарбеков Шекербектің «В.В Верещагин және Байтек батыр», «С.Чокморов», «Нылды Ата таулары», «Ыстық көлде», «Манас шыңы», Қырғызстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Арықов Бообектің «Сусамыр», «Номад батыры», «Кенкөл тауы», «Қаған», «Гүлсары апокалипсисі», «Шыңғыс шоқысы», Қырғызстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Орманбеков Шыңғыстың «Ежелгі құмыралар», «Шығыс натюрморт», «Піскен анарлар», «Сирен», «Күздік натюрморт» сынды шығармалар қойылды. Көрменің мақсаты — елімізде тұратын ұлттармен ғана емес, басқа мемлекеттермен де тығыз байланыс орнатып, олардың өнерін бағалай отырып, мәдениетаралық ынтымақтастықты нығайту, онүстік жұртшылығын қырғыз суретшілерінің өнерімен таныстыру. Аталған іс-шараға қала тұрғындары мен қоғамдық, зиялы қауым өкілдері, ЖОО студенттері мен мектеп оқушылары, өнерге қызығушылар, БАҚ өкілдері қатысты.

Түркістан облысының Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы

